



Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының басшы лауазымды адамдарын қызметке келісу, қызметке тағайындау мен қызметтөн босату тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1998 жылғы 19 наурыз N 3874. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.11.03. N 87 өкімімен. ~N990087

Кадрлармен жұмыс жүргізуудің тиімділігін арттыру және кадрларды іріктеу мен тағайындауга бакылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының басшы лауазымды адамдарын қызметке келісу, қызметке тағайындау мен қызметтөн босату тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса берілпіп отыр).

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 19 наурыздағы
N 3874 өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының басшы
лауазымды тұлғаларын қызметке келісу, қызметке
тағайындау және қызметтөн босату тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Орталық атқарушы органдар бойынша

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен тағайындалатын және босатылатын лауазымды тұлғаларды ауыстыру рәсімін, сондай-ақ бұған

қатысатын лауазымды тұлғалар тобын Мемлекет басшысы немесе оның тапсыруы бойынша Президент Әкімшілігінің Басшысы айқындаиды. Жарлықтар жобасы мен басқа да қажетті құжаттарды даярлау қатыстылығына қарай Президент Әкімшілігінің кез келген құрылымдық бөлімшесіне тапсырылуы мүмкін.

Жекелеген лауазымды тұлғаларды тағайындау немесе босату жөнінде Премьер-Министр, Әкімшілік Басшысы енгізетін ұсыныстар Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің құрылымдық бөлімшелерін жанай Қазақстан Республикасы Президентінің жеке өзіне баяндалуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің әкімдерімен жүргізілетін атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларын тағайындау немесе босату туралы ұсыныстарды тиісті орталық атқарушы органның басшысы Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөліміне енгізеді, ол қажетті құжаттарды даярлайды және Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінде келісуді немесе кандидатпен әңгімелесуді ұйымдастырып, ұсынылған кандидатураны Үкіметте зерделеу үшін материалдарды Премьер-Министр Кеңесінің Мемлекеттік қызмет, кадрлар және бақылау бөліміне береді. Құжаттар тізбесі осы Ережемен айқындалады. Бұдан кейін Әкімшіліктің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі Қазақстан Республикасы Президентінің атына ұсыныс даярлап, енгізеді, ол Мемлекет басшысына баяндау үшін Әкімшілік Басшысына беріледі.

3. Тағайындалуы немесе босатылуы Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша жүргізілетін лауазымды тұлғалар жөніндегі, тиісті орталық атқарушы органның басшысы қол қойған, ұсыныстар Премьер-Министр Кеңесінің Мемлекеттік қызмет, кадрлар және бақылау бөліміне жіберіледі. Ол кандидатураны келісуді немесе кандидатпен Үкіметте әңгімелесуді ұйымдастырады.

Бұдан кейін Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы ұсынылып отырған кандидатураға берілген ұсыным мен анықтаманы Әкімшілік Басшысына жолдайды, ол Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен ұсынылған кандидатура жөнінде тиісті жауабын береді.

Жергілікті атқарушы органдар бойынша

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен республика астанасы әкімдері орынбасарларының, қалалар мен аудандар әкімдерінің, қалалардағы аудандар әкімдерінің қызметтеріне тағайындауларды оларға қатысты жоғары тұрған әкімдер Қазақстан Республикасының Президенті мен Премьер-Министрінің немесе олар уәкілдік берген лауазымды тұлғалардың

келісімімен

жүргізді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2715 U952715_ Жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметшілерді жоғарыда аталған қызметтерге тағайындау жөніндегі материалдарды тиісінше облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, республика астанасының әкімі Президент Әкімшілігіне енгізеді, онда Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінде зерделеніп, Ұйымдастыру-бақылау бөлімімен келісілгеннен кейін Премьер-Министр Қенсесінің Мемлекеттік қызмет, кадрлар және бақылау бөліміне жіберіледі. Ол мәселені Үкіметте келісуді ұйымдастырады.

Мәселе Үкіметте қаралғаннан кейін материалдар қайтадан Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясат бөліміне беріледі, ол Әкімшілік Басшысының келісімімен кандидатпен әңгімелесу өткізу және Президент Әкімшілігі мен Үкіметтің мүдделі құрылымдық бөлімшелерінде келісуді ұйымдастыру үшін оны шақыруды ұйымдастырады. Содан кейін құжаттар жиынтығы Қазақстан Республикасының Президентіне баяндау үшін Әкімшілік Басшысы на беріледі.

Жекелеген жағдайларда Президент Әкімшілігінің Басшысы Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша әңгімелесуге шақырусыз да кандидатты тағайындауға келісім беруі мүмкін.

Облыстар әкімдерінің, қалалар мен аудандар әкімдерінің орынбасарларын босату осы мәселе Президент Әкімшілігінің Басшысымен және Үкіметпен келісілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Бұл үшін облыс әкімі Президент Әкімшілігі Басшысының атына қызметкердің босатылу себептерін көрсетіп, хат-ұсыныс жолдайды. Мәселе тиісінше зерделеніп, Қазақстан Республикасының Президентіне баяндалғаннан кейін Әкімшілік Басшысы қызметкерді босатуға келісім береді немесе ұсынысты қабылдамай тастайды.

Осы Ереженің өзге де мәселелері

5. Үкімет мүшелерін, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын, занды тұлға болып табылатын ведомстволардың, департаменттердің директорларын қызметтерге тағайындау немесе атқаратын қызметтерінен босату туралы ұсыныстарды Премьер-Министр, ұсынылып отырған тағайындаудың немесе босатудың себептері мен дәлелдерін көрсетіп, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жазбаша енгізеді.

6. Мемлекеттік қызметшілерді қызметке тағайындау туралы ұсыныска мынадай құжаттар қоса беріледі: кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақша, өмірбаян, білімі, ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтардың берілуі туралы дипломдардың көшірмелері, анықтама, 4x6 см өлшемді 3 фотосурет, олардың

арнайы тексеруден өткені туралы анықтама, салық декларациясын тапсырғаны туралы анықтама, сондай-ақ осы қызметті атқарып жүрген немесе атқарған қызметкердің босатылу себептері туралы жазба.

Ұсыныста қызметке орналасуға кандидаттың іскерлік және жеке қасиеттеріне қысқаша сипаттама беру қажет. Лауазымды тұлға орнынан түскен немесе ол өз тілегі бойынша орнынан босатылған жағдайда материалдарға мемлекеттік қызметшінің тиісті өтініші қоса беріледі.

7. Қажет болған жағдайда Президент Әкімшілігінің мұдделі құрылымдары қосымша материалдарды сұратып алдырады не тағайындалатын немесе босатылатын мемлекеттік қызметшінің іскерлік және жеке қасиеттерін зерделеуді жергілікті жерге барып ұйымдастырады.